

## Польша Республикасының Премьер-Министрі Л.Миллердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 47-е өкімі

Қазақстан Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 3-6 сәуірде Астана, Алматы қалаларында және Ақмола облысында Польша Республикасының Премьер-Министрі Л. Миллердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөнінде протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 3-6 сәуірде Астана, Алматы қалаларында және Ақмола облысында Польша Республикасының Премьер-Министрі Л. Миллердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөнінде ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес Польша Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар  
қа б ы л д а с ы н .

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізуге қатысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Польша Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі  
белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Польша Республикасының Премьер-Министрі арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып тәртіппен :  
шығуын ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының және Польша Республикасының

мұдделі мемлекеттік органдары, кәсіпкерлері өкілдеріне қатысуымен бизнес-форумды үйімдастырысын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана, Алматы қалаларының және Ақмола облысының әкімдері Польша Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу жөніндегі үйімдастыру іс-шараларын орындауды, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіруді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Польша Республикасының Премьер-Министрін қарсы алу және шығарып салу салтанатына қатыссын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қонақасыдағы концерттік бағдарламаны қамтамасыз етсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2003 жылғы 1 сәуірде  
N 47 өкіміне  
қосымша

### **Польша Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде үйімдастыру шаралары**

1. Польша Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Хаятт Ридженси" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" және "Хаятт Ридженси" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар, күвертка карталары, ресми қонақасына шақырулар) дайындау.

4. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Польша Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай дастарханын үйімдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі И.Н.Тасмағамбетовтың атынан  
Польша Республикасының Премьер-Министрі Л.Миллердің құрметіне Астана  
қаласында **ресми қонақасы ұйымдастыру**.

7. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Польша Республикасының  
іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізу үшін қажетті залды,  
слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды,  
құлаққаптарды, микрофондарды жалға алуға және минералды сусынға ақы төлеу.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық  
қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК